

Атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Жаскешу ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 13 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 ақпанда № 4911 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысы ономастика комиссиясының 2018 жылқы 6 сәуіріндегі қорытындысы негізінде Жаскешу ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Рысқұл ауылында орналасқан атауы жоқ көшеге Болашақ көшесі атауы берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Жаскешу ауылдық округі әкімінің 23.10.2019 № 77 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Жаскешу ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түлкібас ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Жаскешу ауылдық округі әкімінің 23.10.2019 № 77 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК